

## **ӨЗІН ӘНГЕ АРНАҒАН АДАМ ЕДІ**

(Ұлы актриса жайлы сұхбат)



Бір күні кешкісін мен өзімнің анам, биші Шара Жиенқұловадан Күләш Байсейітова жайлы әңгімелеп беруін өтіндім. Менің Күләш апа туралы бір нәрсе жазғым келді, бірақ қалыптасқан құрғақ сөзбен емес, ол кісінің ерекше бір қасиеті, адамгершілігі жайлы жазсам деп ойладым.

– Сіз ол кісіні өте жақсы білдіңіз, бірге еңбек еттіңіздер. Ол кісі жайлы ерекше бірдеңе айтыңызшы.

– Балам-ау, біз бірге еңбек етіп қана қойғанымыз жоқ, біз бір жылда, бір қалада туып-өстік және біздің өмір жолымыз күрделі болғаны соншалықты мың бір түндік әңгіме болады, не айт дейсің?

– Жоқ, маған құр айтып беру аз, жанды мазмұнды естелік қажет. Мен монография емес, әңгіме жазбақпын ғой.

– Сен маған қиын қолқа артып отырсың ғой. Естелік дегенді айту оңай емес. Жарайды, арыдан бастап көрейін. 1928 жылы біз Қызылордадан Алматыға көшіп келген драма театрына бір мезгілде жұмысқа орналастық. Уақыт өте келе, әуелі драма, содан кейін ашылған опера театрында жетекші орынға екі жас отбасы – Жандарбековтер мен Байсейітовтер ие бола бастады. Бұл кейін ғой, алғашында Күләш екеуіміз «қара жұмыстан» бастадық деп айтуымызға болады, бізге тіпті «тамақ даяр» дейтін атақты сөзді айтуды сеніп тапсырмайтын еді, көпшілік ішіне ілесіп қана жүретінбіз, қосалқы рөлдің өзі оңайлықпен тимейтін.

Айта кету керек, драмада Күләшке қарағанда менің «жолым болғыш» еді, мен әр сипаттағы рөлдерді, жағымды да, жағымсыз да бейнелерді ойнай беретінмін, ал Күләш тек қана «текті кейіпкерлерді» ойнайтын. Бірақ бұл оны төмендете алмады, драмалық тәжірибе Күләштің бірегей опералық актриса болып шығуына көп көмек етті. – Анам бір сәт үнсіз қалды да, ойлы кейіппен сөзін жалғады: – Мүмкін, барлық опера әншілері алдымен драма әртісі мектебінен өтуі керек шығар. Өйткені олар сахнада тым дүрдиіп, көпірме театршылдыққа бой алдырады, бұл жерде опера өнерінің шарттылығына сілтеме жасау да артық. Ал Күләш мұндай шарттылықтарға қарамастан сахнада шынайы, нанымды, сыпайы көрінетін. Бұл ол драмалық спектакльдерде ойнап жүргеннен-ақ қалыптасқан болатын.

Әлі есімде, «Шұға» пьесасында біз күндес әйелдер рөлін ойнадық. Күләш – бас кейіпкер, ал мен – қаскүнем әйел рөліндемін. Бір көріністе мен оған у беріп, одан кейін оның қиналғанын көріп, масайрауға тиіспін. Күләшке көзім түсіп кетіп еді... сілейіп те қалдым. Оның бет-бейнесі ғана емес, бүкіл тәнінен қиналыс пен азап ізі байқалып тұрды. Мен тіпті: «Шынында мен оған у беріп қойдым ба?» – деп ойлап қалдым. Шошып кеткенім сондай: «Күләш, саған не болды?» – деп сөйлеп қойыппын. Ол үшін әкең сазайымды берді-ақ. Ал ол кезде біз бар болғаны он жетіде ғана едік.

– «Қыз Жібек» операсының соңғы көрінісінде сіздің ылғи жылайтыныңыз есімде.

– Үнемі емес, ұлым, тек Күләш ойнағанда ғана. Өзге орындаушыларды мен жайбарақат көріп шығамын, ал Күләш ойнағанда – ылғи жылайтынмын. Ол бәрін қайран қалдыратын! Ол сахна үшін туған жан еді, өзін түгелдей өнерге арнаған жан болатын. Сондықтан да өзінің жеке басына уақыты аз қалатын.

Есіңе түсірші – өмірде ол «үйрек жүрісті» еді ғой, ал сахнада – бірде қалқып, бірде пандана басса, ал бірде аяғы-аяғына ілеспейтін. Ол арнайы оқу орнын бітірмеген жан, ал өз даусын қалай игеріп алды десеңші – ойлап көрші, қырық жасында ол колоратура техникасын меңгеріп алды ғой!

Тағы мынадай бір ерекшелігі бар-ды. Сен театрда әнші болатынсың, мүмкін есіңде қалған шығар, Күләш өзінің рөлінде өзгелер ойнайтын бірде-бір спектакльден қалмайтын еді ғой. Бұл неліктен деп ойлайсың? Қосалқы актрисалардың өзінен анағұрлым төмен ойнайтынын ол жақсы білетін. Сонда да болса ол «классикалық» опера әншілерінен үйренумен болды, олардың әлсіз жақтарын аңғарып, өзі ондайға жол бермеуге тырысатын, жылт еткен жаңалықтарын өзінің шебер ойынымен дамытып әкететін.

Иә, айтатын несі бар, қазір бізде дипломды әншілер көп, Күләш қайтыс болғанына да біраз жыл болып қалды, бірақ оның деңгейіне көтеріле алған бірде-бір әнші жоқ.

Анам ауыр күрсінді. Біз біраз үнсіз отырдық.

– *Сіз Күләш ана өзін түгелдей өнерге арнаған жан дедіңіз, мүмкін оның жетістігі де осыдан – өзін толығымен өнерге арнап, жанқиярлықпен аянбай еңбектенуінен шығар?!*

– Білесің бе, оның адам түсіндіріп айта алмайтын, көзге шалынбайтын бір қасиеттері бар. Мен өзімнің жарты ғасырға жуық шығармашылық қызметімде көптеген атақты өнер адамдарымен қызметтес болдым, достастым. Олардың бәрі де өз ісіне көзсіз берілгендер. Мысалға Галина Сергеевна Уланованы айтуыма болады. Ал Күләште... Одан гөрі мен саған бір оқиғаны айтып берейін. Мәскеуде өткен бірінші онкүндіктен кейін, мәскеуліктермен, өнер шеберлерімен, Кеңес өкіметі басшыларымен қуана қауышып, біздің еңбегіміз жоғары бағаланып, жиырма төрт жастағы Күләш Константин Станиславский, Владимир Немирович-Данченко, Валерия Барсова, Александр Хоравалармен бірге ең жоғары атақ – КСРО халық әртісі деген атақ алғанда, табысымыз қанаттандырған біздің ұжым туған республикамызды аралап, есеп беру спектакльдерін қоюға аттандық. Бізді халық батырларынан кем қарсы алған

жоқ. Әрбір спектакліміз кәдімгі мереке болып өтеді. Кенет Қызылжарда Күләштің тамағы ісіп шыға келгені. Қызуы 40-тың маңайында. Алайда біз көрермендерді спектакльсіз қалдыра алмадық, сенің әкең, ол кезде бас режиссер және жетекші әртіс, өктем адам еді ғой, ешкім де, әсіресе мен күтпеген шешім айтты. Ол «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің рөлін менің ойнауымды талап етті. Мен қарсылық білдіріп ем, ол сөзімді бөліп кетті: «Әрине, сенің дауысың күшті емес, бірақ сен сырт бейнемен-ақ алып кетесің, әрі Шара деген атынды білетін жұрт сені сынамайды», – деді.

Мен әбден гримделіп, қатты толқып, шығуға даярланып тұрған кезде, орамалын көзіне түсіре қымтанып оранып алған Күләш аяғын зорға басып келіп, өзі ойнайтынын айтты. Сөйтсек, өз рөлінің біреуге берілгенін естіген Күләш төсегінен тұрып, театрға асығыпты. Қызуы жоғары, даусы әлсіз болып тұрса да, Күләш рөлін тамаша орындап шықты. Мен оның өз партиясын нашар айтқанын бірде-бір рет көрмеген екенмін.

– *Кейде актрисаның сәтсіздігі тұсында оның адами қасиеттері анық байқалады. Есіңізде жоқ па?*

– Жоқ, Күләштің сәтсіздігі болған кезін көрген жоқпын, – деп анам сөзімді бөліп кетті.

– *Дегенмен, ол кісі кәдімгі адам ғой. Қалайша, ол бір рет болса да... мысалы, спектакльді болдырмай тастамады?*

– Ондай нәрсе болған емес, балам. Ал мен өзім Күләш үшін өз концерттімді болдырмай тастағаным есімде. Бұл 1948 жылы Тбилисиде болған еді. Мен кеңейтілген гастрольдік сапармен – Прибалтика, Украина, Қырымда концерт беріп жүргемін. Гастрольдік сапарым Кавказда аяқталуға жақын еді, өзім әбден шаршағанмын. Үйді, туған-туысқандарымды, ол кезде әлі кішкентай сені сағынамын. Барлық жерде көрермендер қуанышпен, жылы қарсы алады, сондықтан концерттерім көтеріңкі көңіл-күймен өтеді, ал аяқталуымен өзімді қирап қалғандай сезінемін. Көңілім құлазып, бірнәрсеге қызығуға да шамам қалмайды. Қонақүй, концерт, тағы да қонақүй.

Кенет, ғайыптан пайда болғандай, бөлмемде Күләш тұр. «Шара!» Мен аңырып қалдым. «Шара! Мені мұнда «Даиси» операсына қатысуға шақырды. Жалғыздықтан қорқамын, Шара. Көмектес! Мені тым болмаса бір жақын адамым залда тыңдап отырса деймін. Сен келуге тиіссің! Мен үшін концерттімді болдырмай тастау сүймдік нәрсе, мен бұған ешқашан да көнбек емеспін, алайда Күләштің қобалжулы түріне көзім түскенде, өзім де күтпеген жерден бас изеп, келісім бердім. Оның оңі өзгеріп кеткен еді. Өзінің жуастығына қарамастан, Күләш өте намысқой болатын, сәтсіздікке ұшырау ол үшін өліммен тең нәрсе, мен мұны әншейін қыздың сөз үшін айтып тұрған жоқпын. Оның үстіне – Тбилиси, көпғасырлық мәдениеті бар грузиндер, өзіндік көп дауысты ән салу мәнері жоғары халық.

Сөйтіп, мен Күләшпен баруға келістім. Концерттің болмайтынын айтқанымда, КСРО Гастроль бюросы осы сапарда маған бекітіп берген директор Налбандов шашын жұлуға аз қалды. Бұл нағыз апат еді, әрі барлық билеттер сатылып қойған болатын.

«Шара, сіз Кавказды білесіз бе, сіз грузиндердің кім екенін білмейсіз! Олар мені бауыздап өлтіреді, олардың қанжары бар!», – деп ышқынды ол.

Мен болсам, қазір ешкім қанжар тағынбайды, әрі мен көрген грузиндердің бәрі черкаска емес, өркениетті киінген деп жауап бердім. Олар қызуқандылықпен мені мына сиясауытпен-ақ о дүниеге аттандырады! – деп қайғырды директор. – Өзі ме де сол керек! Әйелдермен байланысып нем бар еді?

Налбандовтың қалай құтылғанын, мен туралы көрермендердің қандай ойда қалғанын білмеймін, бірақ концерт болған жоқ. Күләш үшін. Біз Күләш екеуіміз алдын ала шартты белгілер туралы келісіп алдық. Егер ол өзін нашар ұстап, асыра сілтеп жіберсе, менің тіземде ақ орамал жатады, ал бәрі жақсы болса, мен басымды изеуім керек.

Спектакль басталды. Осы жерде мен бір ағаттық жіберіп алдым. Күләшті қолпаштау үшін мен орамалымды тіземе қойып, басымды қатты-қатты изеп, қол шапалақтай беріппін. Екі шартты белгіміз араласып кетіпті. Күләш байғұс өзінің жақсы не жаман ойнап тұрғанын біле алмайды. Мүмкін, осының өзі оған көмек болған шығар. Менің орамалымды көріп, ол өзін тежеңкіреп, қатты толқудан асыра сілтеп кетуден сақтанады, ал менің бас изегеніме қарап шабыттана түседі. Ол бұл рөлге бар талантын салды. Өзінің серіктері грузинмен, ал өзі көрермендерге түсініксіз қазақ тілінде айтқанына қарамастан, бастан-аяқ ақ киімді, талшыбықтай нәзік, әсерлі Күләш шыққан кезде, зал тынып қалады. Ол ғажап ойнады!.. Шымылдық жабылғанда, зал бір сәт тына қалды да, кенет қол шапалақтаудан күн күркірегендей болды. Көрермендер біз мінген машинаның моторын от алғызбай, қонақүйге дейін итеріп апарды. Содан кейін де Күләш бөлмесінің балконы алдына тұрып алып, тарамай қойды, Күләшті шақырады.

Мен өз музыканттарымды алып келіп, бәріміз балконға шықтық. Музыканттар Хамидидің «Қазақ вальсінін» ойнады, Күләш ән айтты, мен биледім.

Анам үндемей қалды, оның көзі жайнап тұрды, баяу дауыспен:

– Бұл нағыз салтанатты жеңіс болды, – деді.

Содан кейін естеліктерден арылмақшы болғандай қолын сермеп, күлімсірей:

– Қалай, кемпірдің әңгімесі ұнады ма, қашан жазасың? – деп сұрады.

– Жазып та біттім, мама, көп рақмет!

*Простор. – 1976. – № 5. – [ауд.: Ә. Орынбаева]*